Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP23486380 Қоғамның рухани жаңғыруы жағдайындағы Қазақстанның түркі тілдері: графикадан эпикалық мәтінге дейін
Жоба өзектілігі	Түркі тілдері мен әдебиетінің – эпиграфика мен руналық эпостан бастап XV-XVIII ғасырлардағы жеке авторлық поэзияға дейінгі – генезисі мен ерекшеліктерін зерттеу осы жұмыстың негізінде жатқан гипотезамен негізделеді. Бұл гипотеза – ежелгі және орта ғасырлардағы түркілердің ауызша және жазбаша эпикалық мәдениетінің тарихи қалыптасуындағы графиканың айрықша маңызын айқындау мақсатында көшпелі түркілердің сөйлеу тілінің, алғашқы жазуының, музыкалық-поэтикалық өнерінің пайда болуы мен қызмет етуінің ортақ заңдылықтары туралы пайымдау. Мәселенің мұндай сипатта қойылуы тілдің шығу тегі мен эпикалық дәстүрді жасаушылардың дүниетанымын, сондай-ақ оның алғашқы субстанциялармен: сиқыр, суггестиямен (иландыру), ырғақты арбаулармен, қайталаулармен, әсіресе жерлеу салтындағы рәсімдік мадақтар және арнаулар, пиктографиялық жазу және таңба-символдық кескіндермен байланысты зерттеудегі жаңа тәсілдердің өзектілігін сөзсіз көрсетеді. Алдын ала жүргізілген ізденістер фольклортануда өзіндік тиімділігін дәлелдеген Ә.Х. Марғұланның, А. С. Аманжоловтың, Е. Д. Тұрсыновтың тарихи–генетикалық әдістерінің перспективаларын, сондай-ақ түркі тілдері мен эпосының тарихи даму кезеңдеріндегі маңызды заңдылықтаржы ашқан басқа да ғалымдардың зерттеулерін айқын көрсетті. Түркітану үшін де, эпостану үшін де ғылымдағы автор феномені, тілдік тұлға, мәдениет тұлғасы, соның ішінде VIII ғасырдағы жазулардың авторлары немесе «Дала ілімі» деп аталатын эпосты сақтаушылардың тұлғасы өте маңызды әрі өзекті болып табылады.
Жоба мақсаты	Палеография, графика, ауызша және жазба түркі эпостық дәстүрін зерттей отырып, түркі тілдерінің пайда болуы мен дамуының ортақ тұстарын; жазудың себептері мен түрлерін, түркі тілдес халықтардың ауызша және жазба эпосына дейінгі.ауызша көшпелі және жазба эпикалық дәстүрінің, оның көне түрлерінен (пиктография, эпиграфия, графикалық символдар, руна, т.б.) ерекшеліктерін анықтау.
Жоба міндеттері	1) коммуникацияның ауызша және жазбаша формаларына талдау жасау арқылы ауызша және жазбаша эпикалық дәстүрлердің миф, ырым және ғұрып сияқты бастапқы негіздермен ортақ байланыстарын зерттеулерге, графика мен жазу

	тарихын зерделеуге арналған шетелдік және отандық дереккөздерге шолу жасау; 2) түркі тілдерінің тарихында түрлі кезеңдердің тарихи-мәдени сипатын анықтау үдерісінде түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасының әрі қарайғы трансмиссиясы үшін түркі халықтарының ауызша және жазбаша эпикалық мәдениетін зерделеудің жүйелі-кешенді базасымен қамтамасыз ету; 3) руникалық жазулардың қолда бар графикалы кешені және онымен байланысты түркі тілдес халықтардың рухани өмірінің – әдеп-ғұрыптық және мифологиялық-діни – ауызша таралған кешені: ғұрыптық мәтіндер; көнетүркілік эпостардың стилистикасы мен грамматикасының, формульдік тілінің тіл мен мәдениетке ортақтығын анықтау; 4) түркі халықтарының ауызша эпикалық дәстүріндегі формульдік заңдылықтарды, тұрақты бірліктерді анықтау және сипаттау: сонымен қатар кешенді тарихи-лингвистикалық және тарихи-мәдени зерттеу мақсатында көне және орта ғасырдағы түркілік ауызша классикалық поэзиясының кейбір үлгілеріне жүйелік формульдік талдау жасау; 5) түркі тілдерін, түрколог-зерттеуші тұлғалар мен қоғамның рухани жаңғыруының «панорамалық» көрінісін беру мақсатында графикалық-эпикалық мәтіндердің, ғылыми зерттеулер мен түркологиялық тұлғатану қорының визуалды және аудиалды контентін қамтитын виртуалды музей жасау.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	*Күтілетін нәтижелерге* мақалаларды республикалық және халықаралық журналдарда жариялау, ғылыми семинарлар өткізу жатады: -Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу; -ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 4 (төрт) мақала немесе шолу; -сондай-ақ «Дәуір және тұлға: жыршылар мен қазақ зерттеушілері шығармашылық типтерінің тілдік репрезентациясы» атты 1 монография жариялау. *Қол жеткізілген нәтижелер:* - Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35

	(отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда 3 (үш) мақала;\ - ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 4 (төрт) мақала немесе шолу; -«Дәуір және тұлға: жыршылар мен қазақ зерттеушілері шығармашылық типтерінің тілдік көрінісі» атты 1 монография; - түркі эпосының виртуалды мұражайы (материал жиналып, интерфейс әзірленді, alpha-нұсқасы); - түркі тілдерінің тарихы мен қазіргі жай-күйі мәселелері бойынша ғылыми жетістіктермен таныстыру және дәріптеу мақсатында мұғалімдер үшін біліктілікті арттыру курстары өткізілді (Бағдарлама: https://clck.ru/3PrDfh); -«Әлемнің этно-тілдік бейнесі және түркі мұрасы» III Халықаралық ғылыми конференциясы өткізілді, 2026 (Бағдарлама: https://clck.ru/3PrDAd); -«Дәуір және тұлға: жыршылар мен қазақстандық зерттеушілердің шығармашылық типтерінің тілдік өкілдігі» атты халықаралық дөңгелек үстел өткізілді (27 наурыз 2025 ж.) (Бағдарлама: https://surl.li/uazbga); -жоба нәтижелерін сынақтан өткізу нәтижесі ретінде халықаралық конференциялар жинақтарындағы 10-нан астам мақала; -докторлық диссертациясын қорғау Искендир Аккуралай Абдиуалиевна (жобаға қатысушы). Докторлық диссертацияның тақырыбы: «Эпистолярлық дискурс: коммуникативті және лингводидактикалық потенциал». Қорғау күні: 05.03.2025 ж. https://surl.li/wsstfq.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	Шаймерденова Нурсулу Жамалбековна, филол.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры **(жоба жетекшісі)**; Scopus ID: 57815889800, https://orcid.org/0000-0002-2830-8336 Сулейменова Элеонора Дюсеновна, филол.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры; Scopus ID: 55826261000, https://orcid.org/0000-0001-9515-1714 Жанабаев Кайрат, филол.ғ.к., әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті; Scopus ID: 57195070578, https://orcid.org/0000-0003-4755-6631 Аманжолова Джемма Болатовна, филол.ғ.к., Astana IT University-нің ассистент-профессоры; Scopus ID: 59350892600, https://orcid.org/0000-0002-3153-5169 Искендир Аккуралай Абдиуалиевна, PhD, Scopus ID: 59351088400, https://orcid.org/0000-0002-7487-5286

	Каиржанова Адия Тасболатовна, әл-Фараби ат. ҚазҰУ докторанты, Scopus ID: 59674144100, https://orcid.org/0000-0002-9005-412X Канаева Дина Ержанқызы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ магистранты, https://orcid.org/0009-0003-9553-7715
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	1. Tuimebayev Zh. K., Amanzholova J. B., Zhanabayev K., and Turgenbayeva A. Sh. Formulaic style of oral poetry of Turkic peoples. New Research of Tuva, 2025, no. 1, pp. 134-145. DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2025.1.10 ***(SCOPUS, Q1)*** 2. Aden, Zh. Sh., Akhmet, A. N., Shaimerdenova N. Zh., Sansyzbayeva S. K. The Role and Importance of Zoomorphisms in the Education and Development of Bilingual Children Ethnocultutral Self-Awareness. In: J. Sib. Fed. Univ. Humanit. soc. sci., 2025, 18(2), 356–366. EDN: KEIFNP URL: https://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/154954 ***(SCOPUS, Q3)*** 3. Amanzholova J. B., Nurakhynova A. S., Shaimerdenova N. Zh., Bayandina S. Zh. Terminological Literacy and Sociolinguistic Competence of Students Studying Russian in Kazakhstan. In: J. Sib. Fed. Univ. Humanit. soc. sci., 2026, 19(2), 354–363. EDN: UFJKCK https://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/158157 ***(SCOPUS, Q3)*** 4. Жанабаев, К., Кикбаева А., & Шаймерденова, М. (2025). Түркі мифінің қазіргі заманғы теориялары контекстіндегі С. Қондыбайдың мәдени-тарихи (хронологиялық) кезеңділігі. Eurasian Journal of Philology. Science and Education, 198(2), 65–75. https://doi.org/10.26577/EJPh202519826 **(ҒЖБССҚК)** 5. Нурахынова, А., & Шаймерденова, Н. (2025). Орыс тілін оқыту барысында студенттердің әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру. Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі, 4(2), 89–103. https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-2-89-103 **(ҒЖБССҚК)** 6. Аманжолова, Д., Каиржанова, А., & Юрина, Е. (2025). Балалар әдебиетіндегі Шоқан Уәлихановтың көркем бейнесі (Сапарғали Бегалиннің повесі негізінде). Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series, (3), 165–179. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp165-179 **(ҒЖБССҚК)** 7. Baibek Aigul, Shaimerdenova Nursulu, Akhmetova Layla., Zhanabaev Kairat. Historical and Cultural Aspects of the Transmission of Traditional Musical Style in Contemporary Education. //Enhancing Music Education With Innovative Tools and Techniques. Hershey. 2025. 107-129 DOI 10.4018/979-8-3693-8432-9.ch005 **(«Enhancing Music Education With**

	Innovative Tools and Techniques» халықаралық ұжымдық монографиясының тарауы) 8. Дәуір және тұлға: жыршылар мен қазақстандық зерттеушілердің шығармашылық типтерінің тілдік көрінісі: **Монография**. Алматы: Қазақ университеті, 2026 (баспасөзде)
Патент туралы ақпарат	Авторлық куәлікке өтінім (берілген)